

2022-2023 оқу жылында «Талды жалпы білім беретін мектебі»

КММ бойынша

«Жас Ұлан» Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының атқарған жұмысы туралы ақпарат

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының моделі – балалардың қазіргі замандық қоғамда өз орнын табуына, Отаншылдық және азаматтық жауапкершілікті сезінуіне, еркін шығармашылық қабілеттерін дамытуына мүмкіндік береді;

«Жас Ұлан» - өскелең ұрпақты жоғары рухани - адамгершілік құндылықтар, демократиялық ұстанымдарға негізделген қазақстандық патриотизм рухында қалыптасқан ұйым;

Ұйымның

мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, біліммен өзін – өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу;

Ұйымның міндеттері: қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық жұмыстарды ынталандыру, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Күтілетін нәтиже:

Әрбір «Жас Ұландықтан» Отан мүддесі үшін қызмет ететін маңызды қасиеттерді меңгерген, Отанның мүдделерін қорғау жөнінде азаматтық борыш пен міндеттерін орындауға тәрбиеленген, халықтар достығын құрметтейтін, имандылық, адамгершілік, ізгілік, ұлттық мінез-құлық пен әдет-ғұрпын негізінде білім алған тұлғаның өсіп шығуы:

- Өз Отанының тарихы мен мәдениетін зерделей алатын, ұлттық және отбасылық құндылықтар мен дәстүрлерді қастерлейтін жастардың көбеюі;
- Оқушылардың мектеп қабырғасында бастап кемел білімге, кенен кәсіпке жақын болуы, сол арқылы Отанымыз – Қазақстанның дамуына, ондағы азаматтық қоғамның тұғырының мығым болуына өз үлесін қосатын шын мәніндегі Отаншыл азаматтардың қалыптасуы;
- Оқушылар өзін-өзі басқара отырып, елжандылыққа, өнерге,

- білімге, адамгершілікке, сауаттылыққа тәрбиеленеді;
- Оқу-тәрбие жұмысының сапалы жүруіне сынып белсенділері өзінің құқы, міндеті, жауапкершілігі арқылы өз үлестерін қосады;
 - Болашақта жаң-жақты дамыған, адами құндылықтары бойына қалыптасқан, ел тұтқасын ұстайтын жеке тұлғалар шығады;
 - Ойы, тәні, жаны, ісі әсем тұлға шығады;

Жалпы Ұйым жұмысында жүргізілетін басшылыққа алынатын жұмыстар:

- Мектепішілік ар-намыс кодексін, ережелердің орындалуын қадағалау;
- Конференция, байқау, сайыстарға қатысу;
- Мектептегі, одан тыс мәдени-әдеби, тарихи, әскери-спорттық іс-шараларға қатысу және оларды өткізу;
- Қамқорлық пен қайырымдылық акцияларын жүргізу;
- Жас Қырандармен жұмыс жүргізу, тәрбие шараларға тарту;
- Салауатты өмір салтын насихаттау;
- Жиналыстар мен отырыстарды хаттау;
- Ұйым құжаттарына арналған папкалардың жай-күйін қадағалау;
- Ұйымның ары қарай жұмыс істеуіне мүмкіндіктер туғызу және белсенділігін арттыру.

2020-2021 оқу жылында ұйымға қабылданатын оқушылардың мәліметтер базасы жинақталды. Ұйым мүшелерімен, сыныптың Ұланбасылары мен сыныптың белсенділерінің мәліметтері алынды. Мектеп бойынша «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына «Жас Қырандар» саны -24, ал «Жас Ұландар» – 39 бала болды.

2022 жылдың 5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері күніне және А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған “Тіл - кемел болашақ тұғыры” облыстық іс - шараның ашылуы. Тәлімгер Кузембаева Ж.Е.

https://www.instagram.com/p/CiHx9glMdQK/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Талды жалпы білім беретін мектебінде Қазақстан халқы Ассамблеясының "Мың бала " республикалық мәдени-ағартушылық жобасы аясында мемлекеттік тілде жалпықазақстандық ашық диктант 6-11 сыныптарда өткізілді. Мақсаты: мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту арқылы қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру, қоғамдық келісім мен ел

бірлігін нығайту.

https://www.instagram.com/p/CiPngI3M1wk/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==

16 қазан күні мектебімізде Ахмет Байтұрсынұлы мерейтойына арналған "Ахмет Байтұрсынұлы тағылымы—асыл қазына" атты онкүндіктің жабылу салтанаты өтті. Кешке "Жас ұлан" ұйымы жауапты болып, қатысушылар ақын өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Көрініс қойылып, тіл туралы әндер де орындалды. Жауапты: тәлімгер Кузембаева Ж. Е.

https://www.instagram.com/p/CiuXkQ5Lvb1/?utm_source=ig_web_copy_link

Мектеп тәлімгері Кузембаева Жұлдыз Ерғазықызы "Тәлімі мол тәлімгер" атты тәлімгерлер арасында қашықтықтан ұйымдастырылып отырған облыстық байқаудың аудандық кезеңіне қатысты. "Жас ұлан" ұйымы өз тәлімгерлерін толықтай қолдап, өз көмектерін аямады.

https://www.instagram.com/p/CiuYA9PMrs/?utm_source=ig_web_copy_link

6-7 сынып ұлдары арасында Жас сарбаз әскери патриоттық сайысы өтті.

Мақсаты : Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеу. Отан алдындағы жауапкершілік сезімін қалыптастыру. Қазақстан халқының ұлттық, әскери, еңбек дәстүрлерін жалғастыру. Жарысқа қатысушылардың спорттық шеберлігін көтеру.

Жауапты: АӘД пәні мұғалімі Рамазан Ф. А., тәлімгер Кузембаева Ж. Е.

https://www.instagram.com/p/CixSyIMsTHi/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Жас ұландықтар ұстаздардың кәсіби мерекесі қарсаңында ардагер ұстаздарды құттықтап, мерекелік шараға шақырды. Тәлімгер: Кузембаева Ж. Е.

https://www.instagram.com/p/CjHmoScMxJD/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Ұстаздар күніне арналған "Ұстаз — мектептің жүрегі" тақырыбында 5-11 сынып білім алушылары қабырға газеттерін, бастауыш сынып

оқушылары ұстаздарға арнап қолөнер бұйымдарын жасады.
[https://www.instagram.com/p/CjHqH03MZ6u/?
utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/p/CjHqH03MZ6u/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==)

Талды жалпы білім беретін мектебінің ұжымы барлық ұстаздар қауымын, зейнеткер ұстаздарды құттықтап, өз жылы лебіздерін, ізгі ниеттерін білдірді.

Біздің мектебімізде ұстаздық қызмет еткен барша ұстаздар қауымын төл мерекесімен құттықтаймыз! Еңбектеріңіздің жемісін, бала-шағаларыңыздың қызықтарын көріңіздер. Отбасыларыңызға амандық, бақыт, байлық, береке тілейміз!

Жауапты: Нуртазина Б. М, Кузембаева Ж. Е.

[https://www.instagram.com/reel/CjH9Tt1Nunm/?
utm_source=ig_web_copy_link](https://www.instagram.com/reel/CjH9Tt1Nunm/?utm_source=ig_web_copy_link)

Талды жалпы білім беретін мектебінде "Құрметтейік ұстазды" атты дублер күні өтті. 9-11 сынып білім алушылары өздерін ұстаз орнында білімдерін жоғары дәрежеде көрсете алды. Осы күнгі барлық іс-шара жоспарға сай өтті. Саптық жиыннан басталған күн қызықты болды. Мұғалімдер сыныбы өз тараптарынан үлгілі оқушы бола білді.

Тәлімгер: Кузембаева Ж. Е.

[https://www.instagram.com/p/CjINPtVs7wU/?
utm_source=ig_web_copy_link](https://www.instagram.com/p/CjINPtVs7wU/?utm_source=ig_web_copy_link)

5-10 сыныптар арасында "Арайлы Алтын Күз-2022" мерекелік іс-шара жан-жақты дайындықпен толымды түрде өткізілді. "Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл – күй орнату. Балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс - әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой - қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата - аналар қауымымен тығыз қарым – қатынас қалыптастыру. Жауапты: 10-сынып.

Сынып жетекшісі: Нуртазина Б. М., тәлімгер Кузембаева Ж.Е.

[https://www.instagram.com/p/CjxINYNse4F/?
utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/p/CjxINYNse4F/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==)

17 қазанда, 1-11. сынып білім алушыларының қатысуымен Республика күніне орай "Қазақстанның болашағы- бүгінгі жастар" тақырыбында лездеме өткізілді. Мақсаты: білім алушыларды отансүйгіштікке, елжандылыққа тәрбиелеу. Өз еліміздің патриоты ретінде еліміздің елдік нышандарын қастерлеу. Жауапты: ДТІЖО

Рысбеков Б.Т.

Тәлімгер: Кузембаева Ж. Е.

https://www.instagram.com/p/CjlvQmboquQ/?utm_source=ig_web_copy_link

03.11.2022 жылы Талды жалпы білім беретін мектебінің 7-сынып оқушылары каникул уақытын тиімді өткізу мақсатында Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында қонақта болып қайтты. "Ойыншықтар оянғанда" ертегісінің мазмұны тереңде екенін сезген балалар телефонның зардабын да түсінді. Бұрын ұялы телефон дегенді тек қана қалталы азаматтардың қолынан көретін болсақ, осы күні титтей балалардың да қолынан түспейтін ойыншыққа айналған. Бала санасында осы телефон деген ойыншықтың зияны мен пайдасы сараланып, бос уақытты қалай өткізу керек екендігі тамаша жеткізілді.

Оқушылар театр аурасына, актерлердің ойынына тәнті болды.

Театр — нағыз өнер ордасы. Сергу үшін барып, рухани байып келді. Осындай әдебиет сабағынан өтетін дәстүрлі емес сабақтың түрлері оқушылардың қызығушылығын оятып, эстетикалық тәрбие алып, рухани дамуына игі ықпал ететіні сөзсіз.

Сынып жетекшісі, әрі тәлімгер Кузембаева Жұлдыз Ергазиевна

https://www.instagram.com/p/CkgMZIBoxTm/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Тәуелсіздік күні қарсаңында география-тарих пәндері мұғалімі Нуртазина Б.М. және "Жас ұлан" ұйымы, тәлімгер Кузембаева Ж.Е. 1986 жылғы 16 желтоқсан оқиғасы жайлы жастарға түсінік беру, желтоқсан оқиғасына қатысқан азаматтардың өмір жолдарымен танысу мақсатында "Желтоқсан ызғары" тақырыбында мектебіміздің орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі, желтоқсан оқиғасының куәгері Байбол Салтанат апаймен кездесу өткізді.

Кездесу барысында сұрақтар қойылып, оқиғаның басталуына түрткі болған жағдайлар, желтоқсаншылардың талаптары, оқиғаның шиеленіскен сәті және оқиғаның салдары баяндалды. Кездесу соңында оқиға куәгері тарихқа шынайы бағасын бере отырып, қазіргі Тәуелсіздігімізді қадірлеп, оны келер ұрпаққа аманат қылуды ұлағат етті. Тәуелсіздік біздің бар байлығымыз екенін жастарға ұғындырып, өз бастарынан өткен қиыншылықтарымен бөлісті. Кездесуге қатысқан оқушылар өз ризашылықтарын білдіріп, тілектерін жеткізді.

Сонымен қатар тарих пәні мұғалімі Қойшыбаева Ж. Е. бұл оқиғаға

тарихи баға беріп, өз пікірін білдірді.

Тәуелсіздік қарсаңында өткен кездесу жастарға айтарлықтай ой салып, патриоттық сезімдерін оятты.

https://www.instagram.com/p/CmECuIqM34n/?utm_source=ig_web_copy_link

Кең байтақ, көз жетпейтін жерім менің,

Таулы орман, жасыл жайлау көлім менің.

Бүгінде бар әлемге даңқың жетті,

Тәуелсіз Қазақстан – елім менің

- дей келе, Шет ауданы, Талды ауылы, Талды жалпы білім беретін мектебімізде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында Республикалық Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. Мектебіміздің 19 оқушысы, әр түрлі олимпиадалар мен жарыстардың, байқаулардың, сайыстардың жеңімпаздары, мектептің қоғамдық шараларына белсене атсалысатын оқушылары Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының қатарына қабылданды.

Тәлімгер: Кузембаева Ж. Е.

https://www.instagram.com/p/CmI6Qkts72g/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Бастауыш сыныптар арасында "Жарқыра, жайна, жаңа жыл!" атты жаңа жылдық тәңертеңгілік өтті. Аталмыш шараға жауапты болған 1-сынып жетекшісі Аханова Кулима апай бастауыш сынып мұғалімдерімен бірлесе өткізді. Тәңертеңгілікке белсене атсалысқан Жас ұлан ұйымы мектеп тәлімгері Жұлдыз Кузембаевамен бірге балалардың да, ұстаздар мен ата-аналардың да көңілдерінен шыға білді. Биылғы бастауыш сыныптарға арналған жаңа жылдық тәңертеңгілік ерекше өтті.

Жауапты: Аханова К.,

"Жас ұлан" ұйымы, тәлімгер Кузембаева Ж. Е.

https://www.instagram.com/p/Cmx3J7soaMt/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==

"Алғысым шексіз әлемге!" атты лездеме өтті.

Алғыс айту күні – сан түрлі сынақтардан өткен халқымыздың

ынтымақ-бірлігін айғақтайтын ерекше күн.

Бұрынғы бабаларымыздан «Жақсылық ұмытылмайды» деген жақсы ұғым қалыптасқан.

Сондықтан - айтулы күн, ризашылық пен мейірімнің, бейбітшілік пен келісімнің үйлесім тапқан мерекесі.

Жауапты: 7-сынып, сынып жетекшісі, тәлімгер Кузембаева Ж. Е.

[https://www.instagram.com/p/CpJxdiZoKXP/?](https://www.instagram.com/p/CpJxdiZoKXP/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==)

[utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/p/CpJxdiZoKXP/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==)

Қазақ кең болсаң, кем болмайсың деген әрқашан. Сол мінездің арқасында өзінің ғана емес, өзгенің де көңілін тауып келеді. Кішпейілділік, кешірімді болу, алғыс айта білу секілді қазақ қасиеттер де бойымызға дарыған. Сондықтан, көктемнің алғашқы күні алғыс айту мерекесінде ең алдымен айналамыздағы адамдармен жақын болуымыз керек. Сол себепті Талды жалпы білім беретін мектебінің Жас ұлан ұйымы мектеп тәлімгері Ж. Е. Кузембаеваның ұйымдастыруымен ұстаздарға, достарына алғыстарын айтты.

Жауапты: тәлімгер Кузембаева Ж. Е.

[https://www.instagram.com/p/CpPIAKLMcPu/?](https://www.instagram.com/p/CpPIAKLMcPu/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==)

[utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/p/CpPIAKLMcPu/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==)

"Ана—өмір шырағы" тақырыбында әкелер мен сыныптың ұлдары аналарға, қыздарға арналған мерекелік шара өткізді.

"Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ" деген бір ауыз сөзге бүкіл тәрбиенің бастауын қазақ атамыз сыйғыза білген. Асқар таудай әкесін пана тұтқан бала қорқақ болмайды. Ал ана атты бұлақтың мейіріміне қанып өскен ұрпақ өзгеге де мейіріммен қарайды. Демек, балаға тәрбиені әке де, ана да беруі керек. Балаға ананың да, әкенің де тәрбиесі, көңіл бөлгені керек екендігін оқушылар өз көріністерінде көрсете алды. Осы кеште Рысбеков Бауыржан Төлеуғазыұлы аналарға өз өлең-жырларын оқып, Сұраған Жайбол аналар мен қыздарды оқушылармен бірге әдемі әуендерімен, құйқылжыған күйлерімен қуантты. Ал Түсіп Мирасхан қыздарға әсем әнін арнады.

Сынып жетекші: Кузембаева Ж. Е.

[https://www.instagram.com/p/CpcVQOM-MnXJ/?](https://www.instagram.com/p/CpcVQOM-MnXJ/?utm_source=ig_web_copy_link)

[utm_source=ig_web_copy_link](https://www.instagram.com/p/CpcVQOM-MnXJ/?utm_source=ig_web_copy_link)

8 наурыз -Халықаралық әйелдер күшіне орай 5-8 сыныптар арасында "Айкөркем" қыз сынып өтті. Мақсаты: жас талапкер қыздарды инабаттылыққа, істеттілікке, әсемдікке тәрбиелеу.

Байқауды мектеп тәлімгері Ж. В. Кузембаеваның жетекшілігімен қазақтың әсем биімі мен Жас ұлан ұйымы қыздары ашты.

[https://www.instagram.com/p/Cp485TpMg6I/?](https://www.instagram.com/p/Cp485TpMg6I/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==)

[utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/p/Cp485TpMg6I/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==)

Қазақ халқының әжелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру, әрі дамыту және көрібіту мақсатында мектебімізде 5-11 сыныптар арасында "Армысың, өз Наурыз!" тақырыбында үлкен, ауқымды сайыс өтті.

Қазақ халқының жөн-жоралғысы бойынша Қыдыр ата бата беріп, ақ жаулықты әжелдер шаңуын шаңтты. Осылайша мерекелік шараны бастап берді. Сайыс ән мен ұлттық биден, ата-аналардың шығармашылық өнерінен, оқушылардың ой қиялын, өрісін, іздену негіздері кезеңдерінен өтті. Сонымен қатар қазақ халқының сандар қасиеті мен салт-дәстүрінен де сұрақ-жауаптар болды. Сайыс өте қызықты, тартымды болды. Жылжымалы кубокты, яғни Гран-при 11-сынып оқушыларына табысталды. I орынды 10-сынып оқушылары иеленді. II және III орындарды 5-9 сыныптар қанжығасына байлады. Жалпы бағдарламада мектеп-оқушы-ата-аналарыңыз жұмыс атқарды.

Осындай ауқымды шараны мектеп тәлімгері және 7-сынып жетекшісі Кузембаева Жұлдыз Ергазықызы шебер ұйымдастыра білді.

[https://www.instagram.com/p/Cp7U1rAM9PF/?](https://www.instagram.com/p/Cp7U1rAM9PF/?utm_source=ig_web_copy_link)

[utm_source=ig_web_copy_link](https://www.instagram.com/p/Cp7U1rAM9PF/?utm_source=ig_web_copy_link)

Талды жалпы білім беретін мектебінде 1 мамыр— Қазақстан халықтарының бірлігі күні қарсаңында "Жас қырандықтар" қатары толықты.

Бүгінгі жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар, өзін-өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өрпіл, қайсар етіп тәрбиелеуді, дәстүрімізді, ұлттық және жаңашыл адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі көп тұлғаны қалыптастыруды көздейтін «Бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасоспiрiмдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірікестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсімі өтті.

Жауапты: тәлімгер Ж. Кузембаева

[https://www.instagram.com/p/Cr07dHnN1Wf/?](https://www.instagram.com/p/Cr07dHnN1Wf/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==)

[utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/p/Cr07dHnN1Wf/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==)